

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 121 шешімінің 3-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 13 қарашадағы № 181 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 18-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ оларға қатысты кедендік әкелу бажының ставкасын өзгерту туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесіне байытылған ұнға қатысты өзгерістер енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 121 шешімінің 3-тармағы "және қоса алғанда 2021 жылғы 3 мамырға дейін қолданылады" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*